

Шемонаиха аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4/18–VII " Шемонаиха ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 14/9-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 желтоқсанда № 26193 болып тіркелді

Шемонаиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шемонаиха аудандық мәслихатының "Шемонаиха ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4/18–VII шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8557 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шемонаиха ауданы бойынша тұрғын үй сертификатының мөлшері айқындалсын :

қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха аудандық мәслихатының хатшысы

М. Желдыбаев